

## Сот приставтары туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі N 150 Заңы.

**Қолданушылар назарына!**

**Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.**

### МАЗМҰНЫ

#### 1-бап. Сот приставтарының құқықтық жағдайы

1. Сот приставы - мемлекеттік қызметте тұратын және өзіне осы Заңмен жүктелген міндеттерді орындайтын лауазымды адам.

2. Сот приставына нысанды киім (погонсыз), сәйкестендіру картасы және жетон беріледі, олардың үлгілерін сот әкімшілігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) бекітеді.

Сот приставтарын нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган бекітеді.

3. Сот приставының заңды талаптары барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### 2-бап. Сот приставтарының міндеттері

Сот приставтарының міндеттері:

1) сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіпті сақтау;

**2) алып тасталды – ҚР 21.11.2024 № 136-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;**

3) іс жүргізу әрекеттерін орындауда сотқа жәрдемдесу;

4) сот үйлерін күзетуді қамтамасыз ету, судьяларды және процестің басқа да қатысушыларын күзету болып табылады.

**5) алып тасталды – ҚР 26.06.2020 № 349-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.06.22 № 147; 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа**

енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **3-бап. Қазақстан Республикасының сот приставтары туралы заңдары**

Қазақстан Республикасының сот приставтары туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

### **4-бап. Сот приставтарының қызметін ұйымдастыру және оларды тағайындау тәртібі**

1. Уәкілетті орган Жоғарғы Сотта және облыстардағы, астанадағы және республикалық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелерде (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) сот приставтарының бөлімшелерін құрады.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында және аумақтық бөлімшелерде сот приставтарының қызметіне ұйымдастырушылық және әдістемелік басшылық етуді уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

3. Алынып тасталды - ҚР 2010.12.27 № 367-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Аумақтық бөлімшелерде сот приставтарын тиісті аумақтық бөлімшелердің басшылары қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында сот приставтарын уәкілетті органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

5. Сот приставтары бөлімшелерінің штат санын уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін штат саны шегінде бекітеді.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.06.22 № 147; өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV; 2010.12.27 № 367-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.11.2024 № 136-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **5-бап. Сот приставының құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылы**

1. Сот приставы өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде - ішкі істер органдары қызметкерлерінен, ал әскери соттың сот приставы әскери қолбасшылықтан көмек сұрауға құқылы.

2. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыру шегінде сот приставына көмек көрсетеді.

3. Сот приставтарының құқық қорғау органдарының және әскери бөлімшелердің қызметкерлерімен өзара іс-қимылы аталған органдардың басшылары бекіткен өзара іс-қимыл жөніндегі тиісті заңға тәуелді актіде көзделген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

### **6-бап. Сот приставына қойылатын талаптар**

1. Кемінде жиырма бір жасқа толған, орта (орта білімнен кейінгі) білімі бар, өзінің іскерлік және жеке қасиеттері бойынша, сондай-ақ денсаулық жағдайы бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілетті және арнаулы тексеруден өткен, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын адам сот приставы болып тағайындала алады.

Сот приставтары арнаулы даярлықтан өтіп, содан кейін табельдік және электрлік атыс қаруын сақтау және алып жүру, арнаулы құралдарды пайдалану құқығына ие болады.

2. Сот приставы лауазымына бұрын сотталған немесе қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған, сондай-ақ мемлекеттік қызметтен және құқық қорғау органдарынан теріс себептер бойынша шығарылған адамдар тағайындала алмайды.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **7-бап. Сот приставының құқықтары мен міндеттері**

1. Сот приставы өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) азаматтардан сот қызметінің белгіленген тәртібін сақтауды, сондай-ақ соттың үй-жайында және сот отырысы залында құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасауды тоқтатуды талап етуге;

**1-1) алып тасталды – ҚР 26.06.2020 № 349-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);**

2) соттың үй-жайында (көшпелі отырыс өткізілген жағдайда - сот отырысы өткізіліп жатқан үй-жайда) құқық бұзушыны әкімшілік жолмен ұстауға;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен жауапқа тарту үшін құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға;

4) құқық бұзушыны құқық қорғау органдарына жеткізуге;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен атыс және электрлік қаруын арнаулы құралдар мен күш қолдануға құқылы.

2. Сот приставы:

1) өзіне берілген құқықтарды қатаң заңға сәйкес пайдалануға және өз қызметінде азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіруге жол бермеуге;

2) судьяларды және сот процесіне қатысатын өзге де тұлғаларды күзетуді жүзеге асыруға;

3) кеңесу бөлмелерін, соттың басқа да үй-жайлары мен үйлерін күзетуді қамтамасыз етуге;

4) алып тасталды – ҚР 26.06.2020 № 349-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) сот отырысы залында және соттың үй-жайында құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;

6) судьяның тапсырмасы бойынша қылмыстық іс пен заттық айғақтарды жеткізуді және соттың тұрақты орналасқан жерінен тыс сот талқылауын жүргізу кезінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге;

7) судьяның сот талқылауын жүргізу тәртібін сақтауға байланысты өкімдерін орындауға;

8) сотқа келуден жалтарған адамдарды күштеп алып келуді жүзеге асыруға;

9) қамауға алынған адамдарды қорғау және олардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша қарауыл қызметі қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 409; 2006.06.22 № 147; 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.01.2014 № 164-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **8-бап. Атыс және электрлік қаруын, арнаулы құралдар мен күш қолдану тәртібі**

Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Сот приставының атыс және электрлік қаруын, арнайы құралдар мен күш қолдануы осы Заңның 2-бабында аталған міндеттерді орындауға ғана байланысты болуы мүмкін.

2. Сот приставтарының атыс қаруын:

1) судьялар мен сот талқылауына қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнгенде оларға жасалған шабуылға тойтарыс беру;

2) сот приставының қызмет міндеттерін орындауы үстінде оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнсе, оған жасалған шабуылға тойтарыс беру;

3) қаруды немесе арнаулы құралдарды иелену әрекетін тыю;

4) сотқа және соттардың үйлеріне топтасып немесе қару қолданып жасалған шабуылға тойтарыс беру мақсатында қолдануға құқығы бар.

3. Сот приставы күш жұмсауды, соның ішінде ұрыс тәсілдерін, сондай-ақ электрлік қаруды, тізбесі арнаулы заңдармен белгіленетін арнаулы құралдарды:

1) судьяларға және соттың талқылауына қатысушыларға жасалған шабуылға тойтарыс беру;

2) сот приставының қызмет міндеттерін атқаруы үстінде оған күшпен қарсылық көрсету мен шабуыл жасауды тыю;

3) егер адам құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату туралы талапты орындаудан бас тартса, ол адамды ұстау;

4) адамның қамаудан қашуына жол бермеу, сондай-ақ қамауда отырған адамды күш арқылы босату әрекетіне жол бермеу үшін қолдануы мүмкін.

4. Қарулы шабуыл жасаған және қарулы қарсылық көрсеткен немесе топтасып шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, қаруды, арнаулы құралдарды және ұрыс тәсілдерін әйелдерге, кәмелетке толмағандарға және айқын мүгедектік белгілері бар адамдарға қатысты қолдануға тыйым салынады.

5. Қару, арнаулы құралдар мен ұрыс тәсілдері қолданылған барлық жағдайларда сот приставы айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті шаралар қолдануға, қарудың, арнаулы құралдар мен ұрыс тәсілдерінің қолданылғаны туралы тиісті аумақтық бөлімшенің басшысына хабарлауға міндетті. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының приставы қарудың, арнаулы құралдар мен ұрыс тәсілдерінің қолданылғаны туралы уәкілетті органның басшысына хабарлауға міндетті.

Қару, арнаулы құралдар мен ұрыс тәсілдерін қолданудың адамдар өліміне немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соқтырған әрбір жағдайында дереу прокурорға хабарланады.

6. Сот приставтары қару-жарағына кіретін атыс қаруы мен оған арналған оқ-дәрілер, электрлік қару мен арнаулы құралдар түрлерінің тізбесін және оларды бөлу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Сот приставтарының бөлімшелерін қарумен және арнаулы құралдармен қамтамасыз ету уәкілетті органға жүктеледі.

**Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2003.05.05 № 409, 2006.06.22 № 147, 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.27 № 367-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2020 № 349-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **9-бап. Сот приставтарының жауапкершілігі**

Жасаған теріс қылықтары мен құқық бұзушылықтары, өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін сот приставтары заңдарда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

### **9-1-бап. Сот приставының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау**

Мүдделі тұлға сот приставының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

**Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **10-бап. Сот приставтарын әлеуметтік қорғау шаралары**

1. Сот приставтарын міндетті сақтандыру бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Алынып тасталды - ҚР 2007.05.07 № 244 Заңымен.

3. Сот приставы қызмет міндеттерін атқару үстінде не қызмет міндеттерін атқару кезінде алған жарақатының салдарынан қызметтен босағаннан кейінгі бір жыл ішінде қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда оның асырауындағы адамдар мен мұрагерлеріне соңғы атқарған қызметі бойынша жалақысының он еселенген жылдық мөлшері көлемінде біржолғы өтемақы төленеді.

4. Сот приставына қызмет міндеттерін атқару үстінде алған жарақаты, жаралану (контузия), мертігу, сырқат салдарынан болған мүгедектікті белгілеу кезінде оған мынадай мөлшерде біржолғы өтемақылар:

- 1) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға – бес жылдық жалақысы;
- 2) екінші топтағы мүгедектігі бар адамға – үш жылдық жалақысы;
- 3) үшінші топтағы мүгедектігі бар адамға бір жылдық жалақысы төленеді.

5. Сот приставы қызмет міндеттерін атқару үстінде мүгедектікке әкеліп соқпаған ауыр зақым (жарақат, жаралану, контузия) алған жағдайда - оған үш айлық жалақысы, жеңіл зақым жағдайында айлық жалақысы мөлшерінде өтемақы төленеді. Бұл ретте осы бапта көзделген біржолғы өтемақылар басқа төлемдерге, соның ішінде сақтандыру төлемдері мен зиянды өтеу тәртібімен жасалатын төлемдерге қарамастан төленеді.

6. Егер сот приставының қаза табуы (қайтыс болуы), жарақаттануы, жаралануы (мертігуі) қызмет міндеттерін атқаруға байланысты емес жағдаяттарда болғаны белгіленген тәртіп бойынша дәлелденсе, осы бапта көзделген біржолғы өтемақы төленбейді.

7. Қаза тапқан адамның отбасына және оның асырауындағыларға асыраушысынан айырылуына байланысты заңдарда белгіленген тәртіп бойынша зейнетақы тағайындалады.

8. Қайтыс болған немесе қаза тапқан сот приставын жерлеу үшін төлем тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген мөлшерде беріледі.

**Ескерту. 10-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.07 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **11-бап. Сот приставтарының қызметін қаржыландыру**

Сот приставтарының қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **12-бап. Сот приставтарының қызметін бақылау**

Жоғарғы Сотта және аумақтық бөлімшелерде сот приставтарының қызметін бақылауды уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.27 № 367-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК